


Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Ақпан айы 2024 жыл 4 апта

№3 «Құлыш» ортаңғы тобы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.02.2024	Сейсенбі 27.02.2024	Сәрсенбі 28.02.2024	Бейсенбі 29.02.2024	Жұма 01.03.2024
Балаларды қабылдау	Әсем әуенмен қарсы алу	Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Достық тілегімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен деңгейі үшін емес, сол баланың қалпында сөзсіз қабылдап, жақсы көретінін білдіретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын жегізуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Дыбыс арқылы санды тап». Танымдық дағдылар	Ертегі ойыны: «Қасқыр мен жеті лақ» ертігіні еске түсіру, жайталау. Коммуникативтік дағдылар	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерді тап» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу. математика негіздері	Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу. Коммуникативтік дағдылар	Дидактикалық ойын «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу. Коммуникативтік дағдылар
Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айына Таңертеңгі жаттығулар кешені №12 (құралмен) I. Бір қатармен жүру. Жүру түрлері: ұшымен қол жоғары; өкшемен қол нықта; тізені жоғары көтеріп, қол белде Жүгіру түрлері: бір қатармен, Екі қатарға түру. II. Б.қ негізгі тұрысы, жалаушылар төмен 1. Жалаушылар жан-жаққа. 2. Жалаушылар жоғары. 3. Жалаушылар жан-жаққа. 4. Б.қ (5-6 рет) Б.қ кең тұрысы, жалаушылар арқасында 1. Оң аяқты алдына шығару, жалаушылар жан-жаққа. 2. Б.қ 3. Сол аяқты алдына шығару, жалаушылар жан-жаққа. 4. Б.қ (5-6 рет) Б.қ аяқты кең ашып отыру, жалаушылар жан-жаққа 1. Алдына еңкейію. 2. Б.қ 3. Алдына еңкейію. 4. Б.қ (5-6 рет) Б.қ негізгі тұрысы, жалаушылар төмен. 1. Жартылай отыру, жалаушылар алдына. 2. Б.қ 3. Жартылай отырып жалаушылар алдына. 4. Б.қ (5-6 рет) Б.қ негізгі тұрысы, жалаушылар төмен Аяқты кең ашып секіру, жалаушылар жан-жаққа (5-6 рет) III. Жүгіру: Бір қатармен жүру. Тыныс алу жаттығу «Сағаттар»- екі аяқты бос ұстап қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғал «тик-так, тик-так»- деп айту; мұрынмен демін ішкен тартып, дыбыспен демін сыртқа шығарады (5-6 рет) (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тамаққа аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қыжымын жорға тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.	Балаларды геометриялық фигура ішаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.	Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды меңгерту	Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру; көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру. Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп Спорттық жаттығулар: Шамамен сырғанау. Биік емес төбеден сырғанау -Балаларға ағаштардың суреттерін көрсетеді. Балалар ағаштың түрлері өте көп. Олар – емен, қайың, үйеңкі, терек, шырша, жеміс ағаштары. Ағаш-тардың көп болғаны пайдалы, олар ауаны тазартады, жазда көлеңке болады. Ағаштарды орынсыз сындырмай, түбін тазалап отырса олар әдемі болып өседі. Мына суретке қараңдар-	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Токтап, заттарды айналып жүру; тұрған бір орнында қос аяқпен секіру. Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын: Т ы р н а л а р – т ы р н а л а р	Музыка Музыкалық-ырғақты қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсартуға жұмыс жасайды: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіреді.	Қазақ тілі Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды; сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүру; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру; бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын: Поезд
		 ағаштар – ең үлкен өсімдіктер. Олар көп жыл өмір сүреді. Ағаштардың діні болады. Бұталардың бойы ағаштардан төмен болады. Олардың бірнеше жінішке сабақтары болады. Діні болмайды. Ең кішкентай өсімдіктер – шөптер. Олардың сабақтары жінішке.	Тәрбиеші балаларға саяхатқа баратындарын хабарлап, жиналуларын сұрайды. Балалар алма баққа барғанша бірнеше кедергіден өтеді. Жерге сызып жасалған (ирек жіптен) бұлақтан өту керек - Ал, енді біз бұлақтан қалай өтсек екен, аяғымыз су болып қалмасын. Тәрбиеші балаларға ой тастап, жердегі «бұлақты» (ирек жіпті) аттап өткен тәрізді қимылдар жасайды. Балалар барлығы бұлақтан аттап өтеді. -Қисе балалар саяхатымызд одан әрі жалғастырайық. Қоршаған ортамен танысу	Ыбырай атамның « Бақша ағаштары» деген әңгімесін, қызықты етіп әңгімелеп берейін. - Бір күні атасы мен баласы екеуі жеміс ағаштарын аралап жүреді. - Баласы атасынан сұрайды. - Мына ағаш неліктен тіп - тік, ана біреуі неге қисық өскен? Деген - Атасы оның себебі балам ағашқа уақытылы су құйып, жерін қопсытып, бағып - қағумен өсірген – деді. - Олай болса бағып - қағып күтуде, табиғатты қорғауда үлкен мән бар екен ғой деп ойлайды - баласы. Міне осы жерде «бағып - қағып» сөзін тереңірек түсіндіру. Ал сендер қалай ойлайсыңдар?	Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Дайынсыңдар ма? Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. (Алма) Бақшада өседі көп өнімдерін береді (Көкөніс) (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, коммуникативтік дағдылар) -Қияр, сәбіз, қызылша, картоп, пияз, қызанақ-көкөністер. Алма, алмұрт, жүзім, мандарин- жемістер. - көкөністер қайда өседі екен? - Жемістер қайда өседі? Балалар жауап береді. Балалар суреттерге қарап айтып беруге тырысады. Себетте қандай

шы, топырақ ағашты берік ұстап тұрады, ал мынау – дән. Дүниенің жан- жағына бұтақтары таралған. Бұтақтар – ында жапырақтар өседі. Өсімдіктерді, ағаштарды адамдар күтіп баптайды, түбін қосытып су құяды. Сонда өсімдіктер жақсы болып өседі. Бау – бақшада өсетін өсімдіктерді адамдар көздері сігіп өнімін пайдаланады жейді. Мысалы: мынау алма ағашы, алма ағашында көптеген алмалар өсіп тұр. Қоршаған ортамен танысу Көше бойы аралас. Қаптап өскен қара ағаш. Жемісі жоқ болса да, Саясы көп дара ағаш. Көркем әдебиет «Батады-батпайды» -Балалар сендер қалай ойлайсыңдар, ағаш суда батады ма, батпайды ма? -Ендеше сендермен тәжірибе жасап көрейік. Қолдарыңа тасты алыңдар суға салыңдар. -Не байқадыңдар? (таст батып кетті). -Енді қолдарыңа ағаш кесегін алыңдар суға салыңдар. Ағаш жайында не айтута болады? Ол батты ма, батпайды ма? (тәжірибе жасап, балалар	Олар ұзақ өмір сүрмейді. Қоршаған ортамен танысу Ағаш... (өсіп отырады) Көркем әдебиет Ағаш жапырақтарын санау 5 не дейін Математика негіздері Тікен – тікен тік пісте, – Қысы – жазы бір түсте. Ол не? (шырша) Слайдтан шыршамен балқарағайдың суретін шығару. -Ендеше балалар сіздер осы шыршаның суретін салғыларың келеме? -Суретімізді салмас бұрын барлығымыз бойымызды жазып өсіріп алайық. -Шырша қылқан жапырақты ағаш. Шырша таулы аймақтарда, орманды үлкен қалаларда өседі. Шыршалар биік, орташа, аласа болады. Жылдың төрт мезгілінде де өседі. Шыршаларды кесуге болмайды. Олар ауамызды тазартып, табиғатымызға көрік беріп тұрады. -Балалар сурет арқылы шырша мен қарағайды ажыратады. Бұл балқарағай. Ол шыршаға өте ұқсайды. Осындай балқарағайлар біздің жайта	Бақтан бағбан шығып: - Балалар маған тақпақтар айтып берсеңдер сендерге бақтың қақпасын ашамын. Балалар көктем мезгілі, алма ағаштары туралы тақпақтар айтып береді. Бағбан балалардың өнерлеріне тәңгі болып бақтың қақпасын ашады. Балалар баққа кіріп көптеген ағаш түрлерін көреді. Алма баққа барайық, Алма жинап алайық. Ең үлкенін дәмдісің, Әжемізге сыйлайық. Көркем әдебиет Тәрбиеші бақта өсіп тұрған «алма ағашы» гүлдерінің түсіне, пішініне балалардың назарын аударады. Балалар «Алма ағашы гүлдеді» тақырыбындағы суретке қарап, мазмұны бойынша байланыстыра сөйлем құрайды. Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі	Әр баланың жауабына, сөз қорына, тіл байлығына мән беру. - Сонда балалар, ағаштың өсуіне, жемістің пісіп жетілуі үшін ең бірінші не қажет екен? Күннің сәулесі. Жылу. Құнарлы топырақ. Су, аялы алақан. Ендеше біз табиғатты қалай қамқорлыққа аламыз? Табиғатты қорғаймыз. Ағашты сындырмаймыз. Жапырағын баптаймыз. Жемістерін баптаймыз. т. Б. Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Дәм татайық ойыны. Ойын шарты: дөңгелек тұрып, көздерін жұмып тұрады, Бағбан атай әкелген жемістерінен дәм татқызады, ал балалар оны дәмсіз қарап ажыратып айтып береді. зерттеу іс әрекеті  жапырақтарды орналастыру ойыны Жапсыру  жасыл түсті ермексаздан ағаш киімдылары орналастыру. Мүсіндеу	көкөністер мен жемістер бар екенін балалар атап айтады. Балалар жауап беруге. Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп. Күнделікті өмірде көп пайдаланатынын көкөністердің бірі-қияр мен қызанақ. Қиярдың түсі қандай? -Қиярдың түсі жасыл болады. Пішіні сопақша түкті болып келеді. -Қызанақ – қызыл түсті көкөніс. Қызанақтың пішіні дөңгелек. Олар бақшада өседі. -Алма, алмұрт олар жемістер. Алманың түсі қызыл, пішіні дөңгелек. Жемістер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді таптамай жұлмай күтіп баптап ұстау қажет. (Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, коммуникативтік-әлеуметтік дағдылар) Салыстыру ойыны. Аз және көп жемістер мен көкөністерді салыстыру. (Математика негіздері)
---	--	---	--	---

тешім шығарады: ағаш жеңіл, су бетінде қалқып жүреді). -Ия балалар ағаш суда батпайды екен. Зерттеу әрекеті, қоршаған оратмен танысу, сөйлеуді дамыту	өспейді. Балқарағай тек басқа жылы елдерде өседі. Балқарағай-ағайып ерекше ағаш. -Балқарағай шипалы ауа береді, қысы-жазы түсі жасыл болады. -Міне қарағайдың жапырағы қылқан деп аталады, жіңішке ине тәрізді. Тұқымын бүршік деп атаймыз, олар жерге түсіп-өніп өседі екен. Сонымен қатар қарағай ағашы өте ақырын жылдар бойы өседі, күзде оның бүршіктері үлкейген кезде жинап одан әртүрлі дәрі-дәрмек жасайды. Оның құрамында дәуірмендер өте көп. Қабығы аршылған жерінің шайыр ағады, оны адамдар желім ретінде пайдаланған. Қараңдаршы, қарағай бізге қанша пайда береді, ал олар бізден қамқорлық күтеді. -Балалар ағаштардың пайдасы өте көп екен. - Балалар сендер шырша туралы не білесіңдер? Қандай мерекеде шыршаны қолданамыз? -Дұрыс-ақ, жаңа жыл мерекесінде бізге кім сыйлық алып келеді? -Аяз атаға сендердің айтқан			
---	---	--	--	--

		өлкендерің билерің өте қатты ұнаған екен, сол себептен сендерге мына шырша ойыншықтарын сыйға беріп кеткен болатын. Қоршаған оратмен танысу, сурет салу			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Қардан қала тұрғызға қар жинау. Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру; Жұмысты жоспарлау. Қимылды ойын «Ізбе із». Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу. Жаттығу ойындары Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру. Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту. Хатық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады. Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.				
Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.	Жанытпап. Қыс қыспаса, қыс па, Құс ұшпаса, құс па? Өлең. «Қыс» О. Иманәліев. Көкті бұлт тұмшалап, Жер ақ тонын киеді. Шұнақ аяз шымшылап, Ақ бетіннен сүйеді. Бақылау: балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.	Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға катып, қырауға	Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін бекіту; Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. Бақылау барысы Көркем сөз «Ағаштар» М.Әлімбаев Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды. Түні бойы жауды қар. Салбырады сәнді тал Төу баурайы төменде, Өседі жас емендер.	Аула тазалаушының еңбегін бағалау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құрмет сезіміне тәрбиелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.

		Қимылды ойын: «Кегліні құлат». Кегліні құлата отырып, қышқаның көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра бітуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу. Еңбек. Демалыс орнын қардан тазарту. Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру	айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады. Көркем сөз. Тазартып бар кір шағын, Қыс өңірін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Қимылды ойын. «Ақ қоян». Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы). Жорамал. Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды	Ауыл сәні терек, Терек егу керек. Сырғалы қайың, ақ қайың, Бағтайын, күтіп, сақтайын. Басқа ағашпен аралас, Жйқалады қарағаш Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай, Көкке бойын созады, Көпке қолын созады. Балаларға сұрақтар: Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған? Ағаштар не үшін керек? Ол адамға не береді? Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? Шырша мен қарағай туралы неге қыс-жазы бір түсте деп айтады? Ағаштардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары болады? Зерттеу жұмысы: Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. Еңбек Ағаш түттеріне қар үю. Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?».	Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Мақсаты: — бірлесе жұмыс істеуге үйрету; — еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты жүкіруге жаттықтыру; Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру. Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту
--	--	---	---	--	---

Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның киімын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, сонынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жегуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігімен ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып көріту, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігімен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тартуға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа тоқтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Әнуарбек Дүйсенбістің «Қыс» өлеңін айтып орманға барайық. (орман бейнесі бейнеленген алаңқайға бару) Аппақ, аппақ жапалақтап Қар жауады тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды қысқы орман -Орманда нелер болады? -Мынау қандай ағаш? -Орман ауасы қандай таза, қане, терең тыныс алайық. -Қар қалай жауады? (қимылмен көрсетеді) -Қар қандай болады? -Қар неге ұқсайды екен? (ақ мақтаным алып алақандарына салып үрлейді) -Дұрыс балалар қар, әдемі өріктелген жұлдызшаға ұқсайды екен. (Ормандан қайтып, орындарына келіп бағанадан бері көрген, байқағандарын еңді қағаз бетіне түсіреді) «Қар жамылған ағаш» бейнесін саламыз. Көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, Жұмыс барысы үлгіге қарап түсіндіріледі: -Қылқаламды алып, қоңыр түсті ғышпен ағашты саламыз. Ағаштың жуан діңін, төменнен жоғары қарай салып, қар жамылған бейнесін ақ ғышпен саламыз. Қар жауып тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету. сурет сал  пазмен ойын, неше ағаш құрағандарын және бөліктерін санау. Құрастыру, математика негіздері

Балалармен жеке жұмыс	Мединаға түзу жүруді үйрету	«Шырша мен балқарағайды безендір» -Бірақта мына қоратпада шырша ойыншықтарымен бірге балқарағайдың да бүршіктері де бар екен, сол себептен шырша ойыншықтарына шыршаға, ал балқарағайдың бүршіктерін балқарағайға жапсыруларың қажет.	Тәрбиеші балалармен «саяхаттан» оралысымен, гүлдеп тұрған алма ағашын балалардың өздері салуларын сұрайды. Балалар тақырып бойынша алдымен алма ағашын салулары керек, одан кейін олардың бүршіктеріндегі гүлдеп тұрған әдемі гүлдерді салуларын керек  Сурет салу. алма ағашын жабыстыру. Жапсыру әрекеті Алмаларды 1-5 ке дейін тура және кері санау. Математика негіздері жасыл және қоныр қағаздан қтылған алма ағашының бейнесіне ермексазdan алма жасап, жабыстыру мүсіндеу	 шырша ағашына ермексаз жабыстыру және неше қиынды екенін санау. Мүсіндеу. математика негіздері Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасына и бүктеп, шыыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Құрастыру әрекеті	Шығармашылық жұмыс 1 ші топ жапсыру 2 ші топ сурет салу 3 ші топ құрастыру 4 ші топ мүсіндеу (Жапсыру, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, шығармашылық дағдылар) Биік-биік ағашта (Қолдарын жоғары созады). Алма өсті көп болып (Маңдайым алақанымен көзге ілеп, жоғары қарайды). Шелек, себет алдық та. (Екі білегіне шелек, себетті ілгендей қимыл жасайды). Баққа бардық топ болып. (Бір орнында жүреді). Алма баққа барамыз. (Бір орнында жүреді, қолдары белдерінде) Алма теріп аламыз. (Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды). Ең үлкен алманы (құлаштарын сермеп, алманың үлкендігін көрсетеді). Анамызға сыйлаймыз. (алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды). (Қимылды ойын, дене шынықтыру, физикалық қасиеттері) Көгеністер әнін қосу (Музыка, шығармашылық дағдылар)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.	Маржанға меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуді үйрету.	Мәліге ұзындыққа секіруді үйрету	Көзәйімге қағаздан симметриялық пішіндерді қиыды үйрету	Аминізға шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауды үйрету.

	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату өсімдітерді бойларына қарай салыстыру(математика негіздері) қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар ішеу, өлеңдер, әндер жанытпаптар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).	Кітаптан ертегі суреттерін қарату. (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Сақина жасыру». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше ойын сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту үшін қол өнер бұйымдары (қамшы, кілем, құрақ жастық,) түрлерін сипаттау, ерекшелігін таныту, (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы өзіндік ережелер»	«Қыс» өлеңін айтқызу. Би қимылдарын жасау. Табиғи материалдарды және қағазды жарту одісімен даладағы ағаштар үстіндегі қарларды жапсыруды үйрету (сөйлеуді дамыту).	Балалармен құыршақ театрынан көрген ертегі кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) Қалақша оюларды бояп қоржын бетіне жапсырып	«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны арқылы ас ішу құралдарымен сипат таңу арқылы атуын ұйымдастыру «Үш аю» ертегісін кітаптан тамашалатып таныстыру (көркем әдебиет) геометриялық фигуралар	«Жалқау мысық» ертегі желісін бұзбай айтуды мағанасын түсіндіруді үйрету. (көркем әдебиет) Ермексаздан түрлі көлемдегі жемістерді жасау, санап салыстыру (математика негіздері және

		музыка, құрастыру, жапсыру)	сәндесу дағдысын жетілдіру (сурет салу) Құрастыру материалдарынан үлгі сыбаларға карточкаларға қарап көлік түрін құрастыруға көмектесу (құрастыру)	үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын орамалдарды ұстау және көру тәсілдері арқылы салыстырып жинату Карточкалардан үш бұрыш пен шаршының орнын табу ойынын ойнату. (математика негіздері)	мүсіндеу) Ыдыстар қоятын сөрелерді құрастырып оларға ыдыстарды орналастыру дағдысын дамыту (құрастыру)

«Тексерілді»
15 «Әлия» бөбекжайы
МККК-ны әдіскері:
У.Г. Нурмухаммедова
«12» «12» 2024